

**6D041600 – Өнертану мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған
Уразбаева Шарипа Нурымбетовнаның
«Заманауи қазақ киносындағы гендердің репрезентациясы (1991-2016)»
атты диссертациясының мәтініне
АҢДАТПА**

Зерттелетін тақырыптың өзектілігі әлемдік киноөнеріндегі гендер түсінігінің Батыстық және Шығыстық моделіне салыстырмалы түрде этникалық-ғұрыптық дүниетаным ауқымы аясында тарихи типтерге жіктеліп, осы сатыларда орын алған гендерлік түсініктер мен үрдістер эволюциясы қазақ киносында зерттеледі. Әрбір ұлттың айнасы кино өнері болып табылады. Бүгінде әлем кинематографиясында гендердің репрезентациялану мәселесі маңызды әрі елеулі жағдай. Соның ішінде әйел режиссерлер шығармашылығы – ғаламдық кинематографта көп талқыға түсетін маңызды тақырып. Қоғамдағы және мәдениеттегі әйел бейнесі, орны және рөліне байланысты ғылыми еңбектер мен гендерлік зерттеулер батыс және алыс-жақын шетелдерде соңғы жүзжылдықта қарқынды дамығанымен, отандық ғылымда тек өткен ғасырдың соңғы жылдарында ғана алдыңғы орынға шықты. Сондықтан да біз зерттеу еңбегімізде үздіксіз жахандану кезеңдегі ел психологиясына, өмірге деген көзқарасына әсер ететін бірден бір маңызды сала заманауи қазақ киносындағы «ер» және «әйел» бейнесінің тұлғалық, идеялық, мазмұндық тұстарын қарастырдық. Сонымен қоса, ұлттық кинодағы ерлер және әйелдер режиссурасындағы гендер репрезентациясына көңіл бөлдік. Аталмыш диссертациялық жұмыс тақырыбының өзектілігі де осы мәселемен тығыз байланысты.

Зерттеу жұмыстың нысаны – қазақ кино өнеріндегі гендер репрезентациясы.

Зерттеу жұмысының пәні: Тәуелсіздік кезеңіндегі (1991-2016) қазақ кино режиссурасындағы гендер репрезентациясының үдерісі.

Жұмыстың зерттелу деңгейі

Қазақ кинотану тарихында гендер репрезентациясы ғылыми термин тұрғысынан зерттеліп қарастырылмаған. Қазақ киносындағы гендер репрезентациясының өзіндік ерекшеліктерін жан – жақты қарастыру үшін ғылымның өзге де салаларында гендер мәселесін зерттеген ғалымдардың жұмыстары маңызды. «Гендер» ұғымына Қазақстан ғалымдары тәуелсіздік алған жылдардан кейін шындап назар аудара бастады. Ә. Н. Нысанбаев, З. Балғымбаева, Ғ. Есім, А. Құлсариева, Ә. Масалимова, М. Орынбеков, С. Қондыбай, Н. Ж. Байтенова, Қ. Ш. Нұрланова, Г. Г. Соловьева, З. Н. Исмағамбетова, З. А. Мұқашев, Н. А. Усачева, З. Қодар, Г. Адаева, С. Қарпыкова, С. М. Шәкірова, Н. Шеденова және т.б. өз салаларында арнайы зерттеген.

Жұмыстың теориялық бөлімі кинодағы гендер репрезентациясы ұғымына арналады. Жалпы кинотеориядағы «гендер» ұғымының әдістемелік

экскурсын жасау үшін ағылшын кино теоригі Л. Малвидің, Т. Де Лауретистің, К. Дж. Кловердің, П. Куктың,, Э. Коуенің, Б. Кридтің, К. Сильверманның, Е. Смирнова – Ярская, Ю. М. Лотман, Н. И. Яковлева, А. Усманова еңбектері бұл диссертациялық жұмыстың теориялық негізінің құрылуына үлесі мол болды.

Репрезентация ұғымы бойынша С. Холлдың, М. Вартофскийдің, Ш. Берннің, Ж. Деррида, Н. Гудмен, Х. Н. Зандюклердің еңбектеріне сүйене отырып олардың теорияларына жүгінеміз.

Бұл көрсетілген еңбектерде әлемдік кинематографтағы гендер ұғымының даму жолдары, негізгі теориялық тұжырымдамалары дүниежүзіне танымал режиссерлердің шығармашылығына негізделіп зерттеледі.

Ал қазақ киносының кеңестік кезеңін қарастыру үшін отандық кинотанушылар Қ. Сиранов, К. Смайылов, Р. Абдулахатова, Р. Оспанова, К. Айнағұлова, Қ. Әлімбаева сынды кинотанушылардың еңбектері құнды дерек көзі болмақ. Заманауи қазақ киносындағы гендердің репрезентациялануы мәселесін жекелеген бірнеше ғылыми еңбектер: Б. Р. Нөгербек, Г. О. Абикеева, Д. Өмірбаев, Н. Р. Мұқышева, Д. Б. Асымова, Г. А. Мұрсалимова, И. Т. Смаилова, М. А. Ергебеков, Г. Б. Көбек, Б. Б. Нөгербек, А. М. Айдар секілді кинотанушылар мен киносыншылардың өз жұмыстарының кейбір тұстарында қарастырған.

Жұмыстың мақсаты мен міндеттері. Диссертациялық жұмыстың басты **мақсаты** – әлем кинематографиясындағы «гендер» репрезентациясының мәтіндік сараптамасына, феминендік кино теориясы мен ұғымдарының тұжырымдарына сүйене отырып, қазақ көркемсуретті киносы (1991-2016) аясындағы гендерлік репрезентация мәселелерінің өзіндік ерекшеліктерін айқындау үшін төмендегідей **міндеттерді** жүктедік:

- Әлемдік кинотану ғылымы мен кинематографтағы гендер және «репрезентация» ұғымының сипаттық белгілерін айқындап, негізгі тұжырымдамаларын жүйелеу;

- Әлемдік кинематографта қалыптасып келе жатқан «әйел киносы» бағытын ғылыми – теориялық, психоаналитикалық тұрғыда талдау жасай отырып көркемдік деңгейін зерделеу;

- Қазақстан Республикасының гендерлік саясат даму барысындағы бейнелік үлгілердің қазақ киносындағы көріністерін бағамдау;

- Қазақ кино тарихындағы әйел режиссерлер шығармашылығының қалыптасуы мен олардың фильмдеріндегі режиссура ерекшеліктерін алыс-жақын шетел фильмдермен салыстыра зерттеп, оның ұлттық бағыттағы ерекшеліктерін айшықтау;

- Қазақ кино режиссура өнерінің эволюциясындағы ер режиссерлердің әйел бейнесін жасаудағы көркемдік – эстетикалық сипатты ерекшеліктерін жаңа концептуалды тұрғыдан қарастыру;

- Заманауи жас буын әйел режиссерлердің «әйел киносы» тенденциялары мен болашақтағы даму перспективаларын белгілеу.

Жұмыстың теориялық және әдістемелік негіздері философиялық, тарихи-мәдени, филологиялық,, кинотанушылық, салыстырмалы тұрғыдағы

талдау, феминендік тәсілдері кұрайды. Диссертациялық жұмыстың теориялық және тәсілдемелік базасын жоғарыда аталған кинодағы және жалпы гендер саласын зерттеген теоретиктер мен практиктерінен бөлек, гендер түсінігің әлеуметтік теориясының дамуына үлкен үлес қосқан әлемдік жаңа заман философтары: И. Кант, Г. В. Ф. Гегель, А. Шопенгауэр, З. Фрейд және психоаналитиктер К. Г. Юнг, А. Адлер, Э. Бадинтер, Э. Берн, Дж. Бернард, М. Мид, Б. Фридан, К. Миллет, И. С. Кон, У. Мастерс, К. Хорни, Ж. Лакан, Ж. Делез, Ж. Деррида, С. де Бовуар еңбектері кұрады. Олардың зерттеулері психоаналитикалық тұрғыда киноэкран арқылы гендер түсінігінің қабылдану тұстарын қарастыру барысында маңызды.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы. Бұл диссертациялық жұмыста гендер репрезентациясы қазақ кинотануында тарихи-зерттеушілік және теориялық тұрғыда алғаш рет қарастырылып отыр. Зерттеуші қазақ кинорежиссерлерінің шығармашылығын гендер репрезентациясы аясында және заманауи кино үрдісіндегі оның көрінісі тұрғысынан сараптап біртұтас жүйелі түрде зерттеу жүргізуге талпыныс жасады.

Диссертациялық жұмыс зерттеуінің алдына қойылған мақсат-міндеттеріне сай төмендегідей ғылыми жаңалығы бар келесі нәтижелерге қол жеткізді:

- Зерттеу жұмысының жаңалығы таңдап алған тақырыптың әлі де болса қазақ киносында теориялық тұрғыда қарастырыла қоймағанымен ерекшеленіп, оны толықтай зерттеу мақсатында әлемдік кинематограф пен кинотану ғылымында гендер түсінігіне байланысты теориялық көзқарастар сарапталды;

- «Репрезентация» ұғымының кинотеорияға қатысты сипаттық белгілері айқындалып, оның әлемдік кинотану ғылымындағы негізгі тұжырымдамалары жүйелене келе қазақ киносында интерпретациялау тәсілдері қарастырылды;

- Әлемдік ғылымда ұғым ретінде қалыптасқан «әйел киносының» негізгі сипаттық белгілерін сараптау негізінде қазақ киносындағы әйел режиссерлердің фильмдеріндегі көркемдік негіздер және режиссерлік шешімдерінің деңгейі жүйелі түрде талданды.

- Тәуелсіз Қазақстан қоғамындағы жалпы гендер саясатының қалыптасуы мен даму ерекшеліктерінің қазақ киносындағы әр кезеңде орын алған бейнелік үлгісі жүйеленді;

- Қазақ көркемсуретті киносындағы ер режиссерлердің әйел бейнесін жасаудағы көркемдік – эстетикалық ерекшеліктері бағаланды;

- Отандық жас буын әйел режиссерлердің шығармашылығындағы жаңа тенденциялар мен даму перспективалары бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселесіне сай автор өз еңбегін зерттеу нәтижесінде отандық кинотану саласының ғылыми айналымына «әйел киносы» халықаралық кинотанушылық терминді енгізуді ұсынды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдамалар. Заманауи қазақ киносындағы гендердің репрезентациялану мәселелерін зерттеу нәтижесінде төмендегідей **тұжырымдамалар** ұсынылады:

- Гендер ұғымы мәдени метафора болып табылады. Кинематограф бұқаралық мәдениеттің маңызды бөлшегі. Ал әлемдік тәжірибеде гендер репрезентациясы экрандық өнердің ажырамас бір бөлігіне айналған. Әлеуметтік топтар, әсіресе жастар отбасындағы гендерлік тәрбиені экран арқылы тереңірек түсініп, заманауи қоғамдық құбылыс ретінде қабылдайды. Кинотану ғылымында гендер түсінігіне байланысты теориялық көзқарастар әдістері экрандағы кейіпкерлер мен көрермендерді сәйкестендіре отырып бейнелік жүйе құрайды.

- Репрезентация белгілердің конститутивті функциясы болып табылатындықтан да, «репрезентация» ұғымы мен «белгі» ұғымы бір – бірін толықтырып отырады. Репрезентация түрлі белгілерді туындату арқылы өзі де белгі феномені болып табылады. Кинодағы репрезентация, бізге адамдардың, заттардың немесе оқиғалардың шынайы дүниесін және сонымен қатар адамдардың қиялындағы заттардың немесе оқиғалардың дүниесін сипаттауға, түсіндіруге, баяндауға ықпал ететін тіл мен ұғым арасындағы байланыс болып табылады.

- Әлемдік кинематографта 1970 жылдардан бастап әйелдер қоюшы режиссер ретінде кино түсіре бастады. Олардың белсенділік таныту нәтижесінде «әйелдер киносы» (*women's cinema*) феномені қалыптасты. Әлемдік кино тарихына өзіндік қолтаңбаларын қалдырған әйел режиссерлер ерлерден қалыспай тақырып таңдауда батылдық таныта алды. Соның нәтижесінде мелодрамалар, шым – шытырыққа толы триллерлер, қорқынышты фильмдер жанрын қою басты тенденцияға айналды.

- Қазақ көркемсуретті киносының тарихында гендер репрезентациясының өндірістік және көркемдік ерекшеліктері бар. Өндірістік ерекшеліктеріне Мемлекетіміздің тарихи қалыптасу барысындағы әр кезеңінде орын алған гендерлік саясаттың және идеологиялық құндылықтардың экрандық бейне арқылы жүзеге асырылуын айтамыз. Ал қазақ киносындағы гендерлік репрезентациясының эстетикалық ерекшеліктері ол Батыс Еуропалық гендерлік моделдің ұстанымын және Шығыстық гендерлік принциптерін үйлесімді түрде жүзеге асыру барысында ұлттық болмысты жоғалтпай, рухани бағытта дамиды. Сондықтанда еліміздегі экрандық гендер саясаты тікелей көшіріп алу жолымен емес, ұлттық қайталанбас идиоэтникалық компоненті болып табылады.

- Кеңестік Орталық Азия елдерінің ең алғашқы әйел-режиссері Дариға Тналинадан кейін отандық кинода Лейла Аранышева, Шапиға Мусина, Әсия Сүлеева, Ұлжан Қолдауова, Айхан Чатаева, Әсия Байғожина, Жанна Исабаева, Гүлшат Омарова, Эля Гильман және т.б. жас буын әйел режиссерлер өзіндік қолтаңбаларымен дараланды. Олар қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді өз шығармаларына арқау ете отырып, экрандық режиссура мектебін шындауға үлестерін қосты.

- Отандық кино саласындағы ер режиссерлердің әйел бейнесін жасаудағы өзіндік ерекшеліктері гуманистік парадигма шеңберінде сипат алды. Фильмдерде кино тілі арқылы басты кейіпкерлердің гендерлік мінез-құлық, этникалық психология, пассионарлық қабілет ерекшеліктері ескерілді.

Экрандық әйел бейнелері халқымыздың тарихи дамуындағы әр кезеңдерінде пайда болған түрлі идеологиялық жүйеге байланысты және салт-дәстүр ұстанымының көрінісін таңбалық, рәміздік түрінде көрсету мақсатында өзгеріске ұшырап отырды.

- Бүгінгі таңдағы әйел режиссурасының ауқымын мақсатты түрде дамыту қажет. Заманауи қазақ киносындағы гендердің репрезентациялану зерттемесі барысында ғылыми жұмыстың тәжірибелік нәтижесі ретінде қоғамға пайдалы, болашақ ұрпақ тәрбиесіне оңды жол көрсетуге лайықты «Қазақ әйелдері» көп сериялы кинофильм ұсынамыз. Оның ауқымында тек атақты, даңқты әйелдер ғана емес, жалпы адамгершілік ұстанымы жоғары заманауи қазақ әйелінің протопиптері басты нысанда болмақ. Ол көркемсуретті және деректі фильмдер жинағы болады.

Зерттеу жұмысының ғылыми-теориялық және практикалық маңызы отандық кинотану ғылымында қазақ көркемсуретті фильмдеріндегі гендер ерекшеліктерін зерттеу өзектілігін көтеруі болып табылады. Сонымен қоса бұл зерттеу жұмысында қазақ киносындағы гендер репрезентациясын анықтау тұрғысында өнертанушылық және тарихи-кинотанушылық талдау жүргізіп, бұл мәселенің әрі қарай зерттелуі үшін теориялық негіздер дайындалды. Ғылыми диссертациялық зерттеудің нәтижелерін еліміздегі өзге салалардағы гендерлік зерттеу жұмыстарында, Орта Азия киносындағы гендер мәселесіне қатысты ізденістер жүргізіп жүрген шет ел ғалымдарына, Қазақстандағы гендер мәселелерін талдап жүйелеуде, мемлекетіміздегі гендерлік саясатты жүзеге асыруда, жоғары оқу орындарында гендер мәселелері бойынша оқу бағдарламаларын құрастырғанда пайдалануға болады.

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі және жариялануы

Ғылыми зерттеу жұмысының негізгі мазмұны Үндістаннан шығатын SCOPUS тізіміне енген «Indian Journal of Science and Technology» импакт факторлы журналында, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті бекіткен ҚР ҰҒА хабарлары. Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар сериясы, Қазақстанның ғылымы мен өмірі журналында жарық көрген мақалаларда, Халықаралық және республикалық ғылыми-теориялық конференцияларда жасалған баяндамаларда көрініс тапты.

Жұмыстың құрылымы.

«Кино өнеріндегі гендер «репрезентациясы» зерттеуінің теориялық негіздері» атты **бірінші тарауда** отандық және шетелдік танымал ғалымдардың еңбектері бойынша жалпы «гендер» ұғымының анықтамасына тоқталып, кинодағы гендер феноменіне байланысты теориялық көзқарастардың сипаттары мен тұжырымдары зерттелді. «Репрезентация» теориясына талдау жасаған ғалымдардың еңбектеріне шолу жасау барысында оның әлемдік кинотану ғылымындағы негізгі тұжырымдамалары жүйеленіп қазақ киносында интерпретациялау тәсілдері талданды. Сондай-ақ әлемдік кинематографтағы «әйел киносы» ұғымы және оның бір бөлшегі феминендік

кино теориясының негізі зерделеніп, сабақтастық және жанашылдық бағыттары қарастырылды.

Жұмыстың «Гендерлік ұстаным контекстіндегі қазақ кино өнерінің өзіндік ерекшеліктері» деп аталатын **екінші тарауда** Тәуелсіз Қазақстан қоғамындағы әр кезеңде орын алған жалпы гендер саясатының қалыптасуы мен даму ерекшеліктеріне және оның отанымызда өндірілген фильмдердегі бейнелік үлгі тұстарын қарастыруға көңіл бөлінді. Қазақ қоғамындағы гендер феномені түсінігінің тарихи тұптамасы мен жүйесінің талдану бағытын заманауи қазақ киносындағы танымал режиссерлер фильмдері арқылы психоаналитикалық тұрғыда сарапқа салуға талпыныс жасалды. Сонымен қатар қазақ киносы тарихындағы әйел режиссерлер шығармашылығының қалыптасуы мен даму кезеңдері қарастырылып, шығармашылық амплуасына басты назар аударылды.

«Қазақ киносындағы кинорежиссерлерінің шығармашылық даму үрдістері» атты **үшінші тарауда** заманауи қазақ киносындағы ер режиссерлердің әйел репрезентациясын жасау ерекшеліктері мен қазақ киносындағы әйелдің орны, қазақ әйелінің бейнесі, дүниетанымы, қоғамдағы өзіндік орны жан - жақты талданды. Сонымен қатар жас буын әйел кинорежиссерлерінің экрандық мәдениетінің әлеуметтік көрініс ерекшеліктері, болашақтағы даму бағыттары қарастырылды.

Қорытындыда зерттеу жұмысының нәтижесі бойынша тұжырымдама жасалды.